өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. Портал арқылы қызметті көрсету кезінде қызметті беруші мен қызметті алушының рәсімдерінің (іс-қимылдарының) реттілігі мен жүгіну тәртібін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті алушы жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) көмегімен порталда тіркеуді жүзеге асырады;

2) 1 процесс – мемлекеттік қызметті алу үшін порталда көрсетілетін қызметті алушының ЖСН/БСН және парольді енгізуі (авторландыру процесі);

3) 1 шарт – ЖСН/БСН және пароль арқылы тіркелген көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерінің түпнұсқалылығын порталда тексеру;

4) 2 процесс – көрсетілетін қызмет алушының деректерінің сәйкес келмеуіне байланысты авторландырудан бас тарту туралы порталда хабарламаны қалыптастыру;

5) 3 процесс – көрсетілетін қызметті алушының осы регламентте көрсетілген мемлекеттік қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін экранға сұраныстың нысанын шығару және оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушының нысанды толтыруы (мәліметтерді енгізуі), Стандарттың 9 тармағында көрсетілген қажетті құжаттар көшірмелерінің электрондық түрінде сұраныс нысанына қоса беруі, сондай-ақ сұранысты куәландыру (қол қою) үшін көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбаны (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеу куәлігін таңдауы;

6) 2 шарт – порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолдану мерзімін және қайтарылған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде жоқтығын, сондай-ақ сәйкестендіру мәліметтерінің сәйкестігін (сұраныста көрсетілген ЖСН /БСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН аралығында) тексеру;

7) 4 процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ түпнұсқалылығы расталмағандығына байланысты, сұратылып отырған мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 5 процесс – көрсетілетін қызметті берушінің сұранысты өңдеу үшін " электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы (бұдан әрі – ЭҮШ) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұранымын) "Е-лицензиялау" мемлекеттік мәліметтер базасына (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДҚ) жолдау;

9) 3 шарт – көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы қоса берген, Стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттарды мемлекеттік қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін тексеру;

10) 6 процесс – көрсетілетін қызметті алушы құжаттарының Стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттардың тізбесіне сәйкес келмеуіне және өзге де

себептерге байланысты сұратылып отырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;


11) 7 процесс – көрсетілетін қызметті алушының порталда қалыптастырылған көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуы (электрондық құжат нысанындағы шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат). Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде іске қосылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара әрекет етуі осы Регламенттің 7 қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету процесінде "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамымен және оның аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау қарастырылмаған.


"Тиісті әкімшілік-аумақтық
бірліктің аумағында не
корпоративішілік ауыстыру
шеңберінде еңбек қызметін
жүзеге асыру үшін жұмыс
берушілерге шетелдік жұмыс
күшін тартуға рұқсат беру
және ұзарту" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
регламентіне "Шетелдік
жұмыс күшін тартуға
рұқсат беру"
1 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес – процестерінің анықтамалығы




"Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында не корпоратившілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне "Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты қайта рәсімдеу" регламентіне 2 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес - процестерінің анықтамалығы




"Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне "Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімін ұзарту" 3 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес - процестерінің анықтамалығы




"Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында не корпоратившілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне "Корпоратившілік ауыстыру шеңберінде рұқсат беру" регламентіне 4 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес - процестерінің анықтамалығы




"Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында не корпоратившілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне "Корпоратившілік ауыстыру шеңберінде рұқсатты қайта рәсімдеу" регламентіне 5 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес - процестерінің анықтамалығы



"Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында не корпоратившілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне "Корпоратившілік ауыстыру шеңберінде рұқсаттың мерзімін ұзарту" 6 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес –процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:



- көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетуді бастау немесе аяқтау;



- ҚФБ және (немесе) қызмет алушының рәсімдерінің (іс-әрекеттерінің) атауы;




- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (іс-әрекетке) өту.

"Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 7 қосымша

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде жұмылдырылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара әрекеттерінің диаграммасы



Шартты белгілер:




- нәтиже;



- бастапқы хабарлама;



- аралық хабарлама;



- басқару ағыны;



- хабарламалар ағыны.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламент жаңа редакцияда - Алматы қаласы әкімдігінің 18.04.2018 № 2/154 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының аудандық бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "Алматы қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Орталық) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы қаласы әкімдігінің 03.04.2019 № 2/203 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.08.2019 № 3/485 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама, оның нысаны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11426 болып тіркелген).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің

құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті берушінің Стандарттың 9 тармағында көзделген өтінішті алуы мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-әрекетті) бастауға негіз болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы әкімдігінің 23.10.2019 № 4/588 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) Орталықтың маманы 45 (қырық бес) минут ішінде Стандарттың 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініштерді тіркейді, "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерге (бұдан әрі - АЖ) сұрау салуларды қалыптастырады, қағаз жеткізгіште құжаттар топтамасын немесе өтініш берушінің электронды құжаттар топтамасын қалыптастырады және оны өзінің қолтаңбасымен немесе электронды цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырады және Орталық басшысына бұрыштама қою үшін береді.

АЖ-де мәліметтер болмаған жағдайда Орталық тиісті мемлекеттік органға жазбаша сұрау салуды ресімдейді, сұрау салу жүзеге асырылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініш иесін осы туралы жазбаша хабардар ете отырып, құжаттар топтамасын қалыптастыру мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейін ұзартылады;

2) Орталық басшысы 10 (он) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының өтінішін Орталықтың маманына жазады;

3) Орталықтың маманы өтініш берушіден құжаттар пакетін алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын зерттеу және учаскелік комиссияның қорытындысын дайындау үшін құжаттарын учаскелік комиссияға береді;

4) учаскелік комиссия Орталықтан құжаттар пакеті келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайына зерттеу жүргізеді және оның нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды;

5) Орталық маманы 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар пакеті мен учаскелік комиссияның қорытындысы негізінде көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрін айқындайды, мөлшерін санайды, электрондық шешім жобасын басып шығарады және көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне береді;

6) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы электрондық құжаттар пакетін немесе қағаз жеткізгіштегі құжаттар пакетін және электрондық жобасын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім және хабарлама дайындайды және нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Орталыққа береді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы әкімдігінің 23.10.2019 № 4/588 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерінің (іс-қимылдарының) нәтижелері:

1) өтінішті тіркеу, сұрау салуды, құжаттар топтамасын қалыптастыру және Орталық басшысына қарауға жіберу;

2) Орталықтың жауапты маманын анықтау және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына мемлекеттік қызмет көрсету үшін беру;

3) қорытынды дайындау үшін учаскелік комиссияға беру;

4) қорытындыны дайындау және Орталықтың жауапты маманына беру;

5) шешім жобасын көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне жіберу;

6) атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау және нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Орталыққа беру.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы әкімдігінің 23.10.2019 № 4/588 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі:

1) Орталықтың маманы;

2) Орталық басшысы;

3) учаскелік комиссия;

4) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) сабақтастығын сипаттау:

1) Орталықтың маманы 45 (қырық бес) минут ішінде Стандарттың 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініштерді тіркейді, "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті АЖ-ға сұрау салуларды қалыптастырады, қағаз жеткізгіште құжаттар топтамасын немесе өтініш берушінің электронды құжаттар топтамасын қалыптастырады және оны өзінің қолтаңбасымен немесе ЭЦҚ-мен куәландырады және Орталық басшысына бұрыштама қою үшін береді.

АЖ-де мәліметтер болмаған жағдайда Орталық тиісті мемлекеттік органға жазбаша сұрау салуды ресімдейді, сұрау салу жүзеге асырылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініш иесін осы туралы жазбаша хабардар ете отырып, құжаттар топтамасын қалыптастыру мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейін ұзартылады;

2) Орталық басшысы 10 (он) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының өтінішін Орталықтың маманына жазады;

3) Орталықтың маманы өтініш берушіден құжаттар пакетін алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын зерттеу және учаскелік комиссияның қорытындысын дайындау үшін құжаттарын учаскелік комиссияға береді;

4) учаскелік комиссия Орталықтан құжаттар пакеті келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайына зерттеу жүргізеді және оның нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды;

5) Орталық маманы 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар пакеті мен учаскелік комиссияның қорытындысы негізінде көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрін айқындайды, мөлшерін санайды, электрондық шешім жобасын басып шығарады және көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне береді;

6) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы электрондық құжаттар пакетін немесе қағаз жеткізгіштегі құжаттар пакетін және электрондық жобасын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім және хабарлама дайындайды және нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Орталыққа береді.


Рәсімдердің (іс-әрекеттердің), Орталық қызметкерлерінің құрылымдық бөлімшелерінің өзара әрекеті реттілігінің толық сипаттамасы осы регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында келтірілген.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы әкімдігінің 23.10.2019 № 4/588 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы және "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілуі қарастырылмаған.

"Мемлекеттік атаулы
әлеуметтік
көмекті тағайындау"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілері:



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) атауы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламент жаңа редакцияда - Алматы қаласы әкімдігінің 04.12.2017 № 4/499 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының аудандық бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші;
- 2) мүгедектер және әлеуметтік жағынан маңызды аурулары бар адамдар - www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы қаласы әкімдігінің 03.04.2019 № 2/203 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: әлеуметтік көмек тағайындау туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекет тәртібінің сипаттамасы

4. Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін Стандарттың 9 тарамағында көрсетілген қажетті құжаттар мен өтінішті алу мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-әрекетті) бастауға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманы мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан өтініш және қажетті құжаттар түскен соң 20 (жиырма) минут ішінде журналда тіркеуді жүзеге асырады, Стандарттың 4 тармағымен бекітілген мерзімге сәйкес бақылауға қояды және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына қарауға береді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына жазады;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы ұсынылған құжаттардың сәйкес болуын тексереді және 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызмет алушының құжаттарын учаскелік комиссияға жолдайды;

Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманы әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

Көрсетілетін қызметті алушының қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда көрсетілетін қызмет беруші тиісті мәліметтері бар өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

4) учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы акт жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды;

5) көрсетілетін қызмет беруші аудандық бөлімінің жауапты маманы учаскелік комиссиядан құжаттар келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді;

6) арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді;

7) көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманы қабылданған құжаттар мен әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі жөніндегі қорытынды негізінде әлеуметтік көмекті көрсету немесе көрсетуден бас тарту жөніндегі шешімді 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды және қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) хабарламаны береді.

Осы регламенттің 5 тармағының 3) тармақшасының 2, 3 азатжолында көрсетілген жағдайларда көрсетілетін қызмет берушінің көрсетілетін қызмет алушыдан құжаттарды қабылдаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) өтінішті тіркеу және басшыға қарау үшін беру;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманын анықтау және көрсетілетін қызметті көрсету үшін құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына беру;

3) көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жолдау;

4) учаскелік комиссияның қорытындысы;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманының адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізу және арнайы комиссияға жолдау;

6) арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаждығы туралы қорытындыны дайындауы;

7) көрсетілетін қызметті алушыға әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту жөніндегі хабарламаны беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) учаскелік комиссия;

4) арнайы комиссия.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) бірізділігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманы мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан өтініш және қажетті құжаттар түскен соң 20 (жиырма) минут ішінде журналда тіркеуді жүзеге асырады, Стандарттың 4 тармағымен бекітілген мерзімге сәйкес бақылауға қояды және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына қарауға береді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына жазады;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы ұсынылған құжаттардың сәйкес болуын тексереді және 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызмет алушының құжаттарын учаскелік комиссияға жолдайды;

Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманы әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

Көрсетілетін қызметті алушының қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда көрсетілетін қызмет беруші тиісті мәліметтері бар өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

4) учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы акт жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды;

5) көрсетілетін қызмет беруші аудандық бөлімінің жауапты маманы учаскелік комиссиядан құжаттар келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді;

6) арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді;

7) көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманы қабылданған құжаттар мен әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі жөніндегі қорытынды негізінде әлеуметтік көмекті көрсету немесе көрсетуден бас тарту жөніндегі шешімді 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды және қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) хабарламаны береді.

Осы регламенттің 5 тармағының 3) тармақшасының 2, 3 азатжолында көрсетілген жағдайларда көрсетілетін қызмет берушінің көрсетілетін қызмет алушыдан құжаттарды қабылдаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

4. Өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсететін қызметті алушының жүгіну және рәсімдерінің (іс-әрекеттерінің) реттілігінің тәртібінің сипаттамасы:

1) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), сондай-ақ парольдің (порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушы үшін іске асырылады) көмегімен көрсетілетін қызметті алушы порталға тіркеледі;

2) 1 процесс - қызметті алу үшін порталда көрсетілетін қызметті алушының ЖСН және паролін (авторизациялау үдерісі) енгізуінің процесі;

3) 1 шарт - ЖСН және пароль арқылы тіркелген көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерінің дұрыстығын порталда тексеру;

4) 2 процесс - көрсетілетін қызметті алушының құжаттарында бұзушылықтардың болғандығына байланысты, авторизациядан бас тарту жөнінде порталда хабарламаны қалыптастыру;

5) 3 процесс – көрсетілетін қызметті алушы осы регламентте көрсетілген қызметті таңдайды, қызметті көрсету үшін экранға сұраныстың нысаны шығарылады, және де үлгі талаптарының және оның құрылымын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушы нысанды (мәліметтерді енгізу) толтырады, Стандарттың 9 тармағында көрсетілген қажетті құжаттар көшірмелерінің электрондық түрінде сұраныс нысанына жалғайды, сондай-ақ сұранысты куәландыру (қол қою) үшін көрсетілетін қызметті алушымен ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдау;

6) 2 шарт – порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолдану мерзімін және қайтарылған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде жоқтығын, сонымен бірге сәйкестендіру мәліметтерінің сәйкестігін (сұраныста көрсетілген ЖСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН аралығын) тексеру;

7) 4 процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ расталмағандығына байланысты, сұратылып жатқан қызметтен бас тарту жөнінде хабарлама қалыптастыру;

8) 5 процесс – көрсетілетін қызметті алушының сұранысын өңдеу үшін ЭҮШ арқылы көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжаттарды (көрсетілетін қызметті алушының сұранысы) "Е-собес" АЖ жолдау;

9) 3 шарт - көрсетілетін қызметті берушімен Стандарттың 9 тармағында көрсетілген және қызмет көрсету үшін негіз болатын көрсетілетін қызметті алушының жалғаған құжаттарының сәйкестігін тексеру;

10) 6 процесс - көрсетілетін қызметті алушының құжаттарында бұзушылықтардың болғандығына байланысты, сұратылып отырған қызметтен бас тарту жөнінде хабарламаны қалыптастыру;

11) 7 процесс – көрсетілетін қызметті алушы порталда қалыптастырылған қызметтің нәтижесін (электрондық құжат нысаны бойынша хабарлама) алуы. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.


Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелерінің функционалдық өзара іс-әрекеттерінің диаграммасы осы регламенттің 1 қосымшасына сәйкес көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сонымен қатар өзге көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.


10. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және оның құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекет қарастырылмаған.

Жергілікті өкілді органдардың
шешімдері бойынша мұқтаж
азаматтардың жекелеген
санаттарына әлеуметтік көмек
тағайындау" мемлекеттік
қызмет регламентіне
1 қосымша

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету бойынша іске қосылатын ақпараттық жүйелерінің функционалдық өзара іс-әрекеттерінің, графикалық нысандағы диаграммасы




Шартты белгілер:



Жергілікті өкілді органдардың
шешімдері бойынша мұқтаж
азаматтардың жекелеген
санаттарына әлеуметтік көмек
тағайындау" мемлекеттік
қызмет регламентіне
2 қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:

-  - мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
-  - таңдау нұсқасы;
-  - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Алматы қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 3/539 қаулысына 8-қосымша

"Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақпалай өтемақы төлеу, куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламент жаңа редакцияда - Алматы қаласы әкімдігінің 04.12.2017 № 4/499 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. "Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының аудандық бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты тұрғылықты тіркелген жері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімдері арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы қаласы әкімдігінің 03.04.2019 № 2/203 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

көрсетілетін қызметті беруші арқылы мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарын Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендер деп тану туралы шешім;

2) куәлікті немесе оның телнұсқасын беру.

Мемлекеттік корпорацияда:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарын Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендер деп тану туралы шешім;

2) куәлікті немесе оның телнұсқасын беру;

3) көрсетілетін қызметті алушының дербес шотына аудару арқылы өтемақы төлеу;

4) бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген көрсетілетін қызметті алушыларға жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына қаражатты аудару арқылы өтемақы төлеу болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушының өтінішін және Стандарттың 9 тармағында көрсетілген қажетті құжаттарын алуы, мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімдерді (іс-қимылдарды) бастауға негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы Мемлекеттік корпорациядан немесе мемлекеттік қызметті көрсетуге көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтінішті тіркейді, мемлекеттік қызметті тіркеу және алу күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген үзбелі талоны беріледі 30 (отыз) минут ішінде немесе берілетін құжаттар тізілімінде алынған құжаттар туралы белгі соғады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің басшысы қарап шыққаннан кейін көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманына 1 (бір) жұмыс күні ішінде тиісті бұрыштамасын қойып, жазып жібереді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманы Мемлекеттік корпорация немесе көрсетілетін қызметті алушының тапсырған құжаттарының пакетін дайындайды және оны комиссия қарауына жібереді;

4) арнайы комиссия азаматтардың келіп түскен құжаттарының пакетін қарап: 18 (он сегіз) күн ішінде Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен деп тану туралы шешім;

алғаш рет жүгінген көрсетілетін қызметті алушыларға Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу туралы шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) күн ішінде куәліктер береді;

көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелгеннен кейін 5 (бес) күн ішінде куәліктің телнұсқасын береді;

Алматы қаласы бөлінісінде өтемақы төлеу кестесіне сәйкес өтемақы төлеу туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешім қабылдау үшін қосымша сұраулар, тексерулер жүргізу қажет болған жағдайларда 1 (бір) ай мерзіміне ұзартылады.

5). көрсетілетін қызмет берушінің басшысы ресімделген құжаттарға қол қояды және көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманына 1 (бір) жұмыс күні ішінде жолдайды.

6). Көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманы 30 (отыз) минут ішінде қол қойылған құжаттарды тіркейді және мемлекеттік қызмет нәтижесін көрсетілетін қызмет алушыға немесе Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Ескерту. 5 тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы әкімдігінің 18.04.2018 № 2/154 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Келесі рәсімдерді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіздеме болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) құжаттарды тіркеу;
- 2) көрсетілетін қызмет беруші басшысының бұрыштамасы;
- 3) арнайы комиссияға құжаттарды жолдау;
- 4) арнайы комиссияның шешімі;
- 5) хабарландыру жобасына қол қою;

6) көрсетілген қызмет алушыға берілген немесе Мемлекеттік корпорацияға жолданған хабарландыру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) арнайы комиссия.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (жұмыскерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) бірізділігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы мемлекеттік қызметті көрсетуге көрсетілетін қызметті алушыдан немесе Мемлекеттік корпорациядан өтініш пен құжаттар келіп түскеннен кейін өтінішті тіркеуге алады және көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімі басшысының

қарауына 30 (отыз) минут ішінде береді. Өтініш пен құжаттар Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен жағдайда Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесіне бекітіледі (көрсетілетін қызметті берушіде жеке ақпараттық жүйе болмаған жағдайда);

2) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің басшысы қарап шыққаннан кейін көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманына 1 (бір) жұмыс күні ішінде тиісті бұрыштамасын қойып жазып жібереді ;

3) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманы Мемлекеттік корпорация немесе көрсетілетін қызметті алушының тапсырған құжаттар пакетін дайындайды және оны комиссия қарауына жібереді;

4) арнайы комиссия азаматтардың келіп түскен құжаттар пакетін қарап:

18 (он сегіз) күн ішінде Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен деп тану туралы шешім;

алғаш рет жүгінген көрсетілетін қызметті алушыларға Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу туралы шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) күн ішінде куәлік береді;

көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелгеннен кейін 5 (бес) күн ішінде куәліктің телнұсқасын береді;

Алматы қаласы бөлінісінде өтемақы төлеу кестесіне сәйкес өтемақы төлеу туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешім қабылдау үшін қосымша сұраулар, тексерулер жүргізу қажет болған жағдайларда 1 (бір) ай мерзіміне ұзартылады.

5) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы ресімделген құжаттарға қол қояды және көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманына 1 (бір) жұмыс күні ішінде жолдайды.

6) көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманы 30 (отыз) минут ішінде қол қойылған құжаттарды тіркейді және мемлекеттік қызмет нәтижесін көрсетілетін қызмет алушыға немесе Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Ескерту. 8 тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы әкімдігінің 18.04.2018 № 2/154 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы алу процесінің сипаттамасы, оның ұзақтығы:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы өтініш және Стандарттың 9 тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға өткізеді, Мемлекеттік корпорация маманы 15 (он бес) минут ішінде құжаттарды қабылдайды және мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушіге беру үшін жинақтау бөліміне жолдайды;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушінің жауапты орындаушысы алынған құжаттар топтамасын тіркейді және мемлекеттік көрсетілетін қызмет басшысының қарауына жібереді 30 (отыз) минут ішінде;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушінің басшысы құжаттармен танысып, көрсетілетін қызмет беруші жауапты маманды анықтайды, тиісті бұрыштамасын қойып, мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруші жауапты маманына орындауға береді 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманы құжаттар пакетін ресімдейді және арнайы комиссияның қарауына жолдайды;

5) арнайы комиссия азаматтардың келіп түскен құжаттар пакетін қарап:

18 (он сегіз) күн ішінде Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен деп тану туралы шешім;

алғаш рет жүтінген көрсетілетін қызметті алушыларға Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу туралы шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) күн ішінде куәлік береді;

көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелгеннен кейін 5 (бес) күн ішінде куәліктің телнұсқасын береді;

Алматы қаласы бөлінісінде өтемақы төлеу кестесіне сәйкес өтемақы төлеу туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешім қабылдау үшін қосымша сұраулар, тексерулер жүргізу қажет болған жағдайларда 1 (бір) ай мерзіміне ұзартылады.

6) мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруші басшысы ресімделген құжаттарға қол қояды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманына жолдайды;

7) мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруші жауапты маманы мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының қол қойылған құжаттарын тіркейді және Мемлекеттік корпорация курьеріне береді 30 (отыз) минут ішінде;

8) Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхатта көрсетілген мерзімде 20 (жиырма) минут ішінде көрсетілетін қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін береді.

Ескерту. 9 тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы әкімдігінің 18.04.2018 № 2/154 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Семей ядролық
полигонында
ядролық сынақтардың
салдарынан зардап шеккен
азаматтарды тіркеу, біржолғы
мемлекеттік ақшалай өтемақы
төлеу, куәліктер беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Алматы қаласы әкімдігінің 18.04.2018 № 2/154 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

```

graph TD
    A[Көрсетілген қызметті алушы] --> B[Мемлекеттік корпорация қызметкері]
    B --> C[Көрсетілген қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы]
    C --> D[Арнайы комиссия]
    D --> E[Өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган]
    E --> F[Өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті]
    F --> G[Мемлекеттік уәкілетті орган]
    G --> H[Жауапты орындаушы]
    H --> I[Көрсетілген қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы]
    I --> J[Көрсетілген қызметті алушы]
    D --> E
    E --> D
    F --> E
    E --> F
    G --> F
    F --> G
    H --> I
    I --> H
    
```

The flowchart illustrates the process for providing services to citizens in the field of social protection. It begins with the receipt of an application (Көрсетілген қызметті алушы) and ends with the provision of services (Көрсетілген қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы). The process involves several key steps and decision points:

- Initial Application:** The applicant (Көрсетілген қызметті алушы) provides an application to the State Corporation (Мемлекеттік корпорация қызметкері).
- Review and Decision:** The application is reviewed by the specialist of the regional department (Көрсетілген қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы). A decision is made based on the application and the results of the special commission (Арнайы комиссия).
- Special Commission:** The commission (Арнайы комиссия) is responsible for reviewing the application and making a decision on the provision of services. It also reviews the application for the provision of services (Жауапты орындаушы).
- Payment of Insurance:** The applicant (Көрсетілген қызметті алушы) pays the insurance (Өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган).
- Provision of Services:** The services are provided by the specialist of the regional department (Көрсетілген қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы) to the applicant (Көрсетілген қызметті алушы).

The flowchart also includes a section for the provision of services to citizens in the field of social protection, which involves the receipt of an application (Көрсетілген қызметті алушы) and the provision of services (Көрсетілген қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы).

Шартты белгілер:

-  - мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) ҚФБ рәсімінің (іс-қимылдың) атауы;
-  - таңдау нұсқасы;
-  - келесі рәсімге (іс-қимылға) көшу.

Алматы қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 3/539 қаулысына
9-қосымша

"Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламент жаңа редакцияда - Алматы қаласы әкімдігінің 18.04.2018 № 2/154 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының аудандық бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

- 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
- 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы қаласы әкімдігінің 03.04.2019 № 2/203 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: мүгедектерге протездік–ортопедиялық көмек ұсыну мерзімдері көрсетілген еркін нысандағы құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің көрсетілетін қызметті алушыдан Стандарттың 9 тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар мен өтінішті алуы мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің маманы 30 (отыз) минут ішінде құжаттарды қабылдайды, оларды тіркеуді жүзеге асырады және мемлекеттік қызметті тіркеу және алған күні, құжаттарды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон береді және жауапты орындаушыны анықтау үшін көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің басшысына береді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын белгілейді, тиісті бұрыштама қояды, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына 1 (бір) жұмыс күні ішінде орындау үшін береді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттарды қарайды, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды, 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы шешім қабылдайды, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін тапсырады;

5) жауапты орындаушы хабарламаны шығыс хат-хабарды тіркеу журналына тіркейді және 30 (отыз) минут ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) құжаттарды тіркеу;
- 2) көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;
- 3) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасы;
- 4) мемлекеттік қызмет көрсетудің қол қойылған нәтижесі;
- 5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркеу журналына жазу және көрсетілетін қызметті алушыға жіберу.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің маманы;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау :

